



Астана қаласы

мамыр 2024 ж.

Баспасөз хабарламасы

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2024 жылғы 29 мамыр форматта және ZOOM интернет-платформасында онлайн-режимде «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен натуралистердің республикалық форумын өткізеді.

Форум экологиялық мәдениетті насихаттау, азаматтық сананы қалыптастыру, республика мектептеріндегі экологиялық қызметті жандандыру, жеке тұлғаны шығармашылық дамыту, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы, қоғамдағы өмірге бейімделу, мазмұнды бос уақытты ұйымдастыру мақсатында өткізіледі.

Форумның міндеті қоршаған ортаға қатысты белсенді өмірлік ұстанымы бар экологиялық жауапты ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Өскелең ұрпақты табиғатты қорғау қызметіне тарту олардың кәсіби бағдары мен азаматтық ұстанымын қалыптастырады.

Форумға облыстық, қалалық кезеңдерінің 180 жеңімпаздары қатысады. Қашықтық режимде қатысушылар «Жасыл мектеп» – экологиялық білім беру жобалары, волонтерлік жобалар және қоғамдық ұйымдардың іс-шаралары зерттеу жобаларын қорғайтын болады. Оларға экология саласындағы нақты білімдерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы зерттеулері мен өнертабыстарын көрсетуге мүмкіндік беріледі.

Сондай-ақ, форумға қатысушылар «Экотеатр» интерактивті қойылым», «Үздік Арт-нысан», «Экоблогер», «Идеядан іске асыруға дейін» номинациялар бойынша әртүрлі қалдықтардан және қайта өңдеуге болатын материалдардан, пайдаланылған заттардан шығармашылық жұмыстар туралы әлеуметтік бейнематериал ұсынады.

Форум аналитикалық ойлауды қалыптастыруға және дамытуға, өскелең ұрпақты зерттеу-практикалық қызметке белсенді қатысуға, табиғатты қорғау міндеттерін шешуге практикалық қатысуға тарту үшін жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Форум экологиялық мәдениетті насихаттауға, азаматтық сананы қалыптастыруға, республикалық білім беру ұйымдарында экологиялық қызметті жандандыруға бағытталған.

Форум жеңімпаздары дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттар, ал барлық қатысушылар сертификаттар алады.

Қосымша ақпарат алу үшін телефондарға хабарласыңыз:8(7172) 64-75-89; e-mail: nt_ekotur@mail.ru.